





Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
КҮН ТӘРТІБІ

 Профессор доктор Мұса ЙЫЛДЫЗ Өкілетті Кеңес төрағасы, Гази университетінің профессоры	 Бибігүл Аманкелдіқызы АСЫЛОВА Өкілетті Кеңес төрағасының орынбасары, Қ.Р. Білім және ғылым вице-министрі
 Доцент доктор Ибрахим КАЛЫН Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Президент Кеңесінің Бас хатшы орынбасары	Елжан Амантайұлы Біртанов Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі
 Доктор Сердар ЧАМ Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Үкіметі жанындағы Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің төрағасы	 Ахметжан Әбдіжәмілұлы Пірімқұлов Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы
 Хүсейін ҚАРАҚҰМ Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Қаржы министрлігі Салықтық бақылау кеңесінің төрағасы	 Айнұр Асылбекқызы Жабатаева Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директорының орынбасары
 Профессор доктор Мұхиттин ШИМШЕК Өкілетті Кеңес мүшесі, Мармара университетінің профессоры	 Профессор доктор Уәлихан Сейділдәулы ӘБДІБЕКОВ Өкілетті Кеңес мүшесі, Ахмет Ясауи университетінің ректоры


**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 53-МӘЖІЛІСІ**

КҮН ТӘРТІБІ

Ыстанбұл / Түркия

12/11/2016 ж.

1. Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру;
2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну;
3. 02.10.2015 жылы өткен Өкілетті Кеңестің 51-мәжілісінен осы күнге дейін Ректорат тарапынан атқарылған жұмыстар туралы Ректордың мәліметі;
4. 2015-2016 оқу жылындағы Ректорат пен ТүрТЕП қызметі және қол жеткізген жетістіктері (Performans) есебін талқылау және бекіту;
5. Университеттің 2015 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру комиссиясының есебі мен 2014, 2015 жылдарының Академиялық тексеру есебін талқылау;
6. 2015 қаржы жылының нақты есебін бекітуге ұсыну және 2017 қаржы жылының бюджетін талқылау,
7. 2017-2018 оқу жылы Түркия Республикасы, Түркі дүниесі мен ТүрТЕП студент контингентін белгілеу,
8. Тексеру комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу туралы ұсынысты талқылау,
9. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан 2017-2018 оқу жылы докторантура бағдарламасы мен кәсіптік біліктілік арттыруға бөлінетін контингент саны және мамандықтар туралы Ректорат ұсынысын талқылау;
10. Стоматология факультетін ашу туралы Сенат шешімін талқылау;
11. Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығы (ТүрТЕП) құрамында ашылуы жоспарланған бағдарламалар туралы Сенат шешімін талқылау;
12. Шымкент клиникасының мәселесін талқылау;



13. Университеттің Түркі дүниесінің ортақ университеті болуы мәселесінде атқарылған жұмыстар туралы мәлімет ұсыну;
14. Шет тілде үйрету үшін қосымша еңбек ақы белгілеу туралы Ректорат ұсынысын талқылау;
15. Археология ғылыми зерттеу орталығының атауын Археология ғылыми-зерттеу институты етіп өзгерту туралы Ректорат ұсынысын талқылау;
16. 2014-2018 ж.ж. арналған Ахмет Ясауи университетінің Стратегиялық жоспарына өзгерістер ендіру туралы Ректорат ұсынысын талқылау;
17. Университет ғимараттарының ішіндегі асхана, буфет, кеңсе заттары, ксерокс орындары сияқты жерлерді жалға беру және жалға беруден түскен кірістің студенттерді әлеуметтік қолдау қызметтеріне жұмсалуды туралы Ректорат мәліметі және Ректорат ұсынысын талқылау;
18. Регламенттерге өзгеріс еңгізу мәселесін талқылау;
19. 2016-2017 оқу жылына Университет құрылымын бекіту туралы Ректорат ұсынысы
20. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде клиникалық резидентура мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу туралы Ректорат ұсынысын талқылау
21. Ахмет Ясауи атындағы Дінтану ғылыми-зерттеу, талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығын ашу туралы Сенат шешімін талқылау
22. Ұсыныстар мен тілектер.

түркілік мәдениетінің ортақ университеті болуы мәселесінде атқарылған жұмыстар туралы мәлімет ұсыну;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

Өкілетті Кеңестің 53-мәжілісінің шешімдері 22 баптан тұрады.

Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру

1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі 2016 жылы 12 қарашада Өкілетті Кеңес төрағасы, доктор, профессор Мұса Йылдыз тарапынан ашық деп жарияланды. Мәжілісті бастау үшін қажетті кворум бар болғандықтан, Өкілетті Кеңес мүшелері күн тәртібімен таныстырылды. Күн тәртібіндегі мәселелерді рет-ретімен талқылау туралы шешім қабылданды.

Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну

2. Өкілетті Кеңес төрағасы Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді. **(1-қосымша)**

Өкілетті Кеңес төрағасының берген мәліметіне Өкілетті Кеңес мүшелері өз ризашылықтарын білдірді.

02.10.2015 ж. өткен Өкілетті Кеңестің 51-мәжілісінен осы күнге дейін Ректорат тарапынан атқарылған іс-шаралар туралы Ректордың мәліметі

3. Университет ректоры 02.10.2015 ж. өткен Өкілетті Кеңестің 51-мәжілісінен осы күнге дейін Ректорат тарапынан атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет берді. **(2-қосымша).**


Талқылау нәтижесінде докторантураны бітіріп кеткен шамамен 50 азаматтың докторлық диссертациясының қорғауларын қамтамасыз етілуі және ректорат оқып жатқан докторанттардың академиялық жетістіктеріне мониторинг жүргізу механизмін әзірлеуіне шешім қабылданды.

2015-2016 оқу жылындағы Ректорат пен ТүрТЕП қызметі және қол жеткізген жетістіктері (перформанс) туралы есебін талқылау және бекіту

4. 2015-2016 оқу жылындағы Ректорат пен ТүрТЕП қызметі және қол жеткізген жетістіктері (перформанс) туралы есебі талқыланды.

Университет ректоры тарапынан 2015-2016 оқу жылында атқарылған іс-шаралар туралы есебінің қысқаша түйіні, Ректор өкілі (I Вице-президент) тарапынан 2015-2016 оқу жылында қол жеткізген жетістіктер (перформанс) туралы есебінің **(3-қосымша)** қысқаша түйіні, Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасы зерттеу және қолданбалы орталығының (ТүрТЕП) директоры тарапынан ТүрТЕП-тің 2015-2016 оқу жылында атқарған іс-шаралары мен қол жеткізген жетістіктері (перформанс) туралы есебінің **(4-қосымша)** қысқаша түйіні ұсынылды.

Осыған орай, Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

- 1- Халықаралық журналдарда жарияланған мақалалардың санын артыру үшін қажетті жұмыстардың жүргізілуін
- 2- Докторантура бағдарламаларын бітіре алмайтын студенттердің санын арту себебін зерттелуіне және осына байланысты бір системаның құрылуы
Талқылау нәтижесінде 2015-2016 оқу жылындағы Ректорат пен ТүрТЕП қызметі және қол жеткізген жетістіктері (перформанс) туралы есебін Университет Жарғысының 5-бабының (g) және (h) тармақшаларына сәйкес қанағаттанарлық деп қабылдап, бекітуге шешім қабылданды.

Университеттің 2015 жылғы қаржылық тексеру есебі мен 2014 және 2015 жылдардағы академиялық тексеру есептерін талқылау

5. Университеттің 2015 жылғы қаржылық тексеру есебі мен 2014 және 2015 жылдардағы академиялық тексеру есептері талқыланды. Талқылау нәтижесінде:

5.1. 2015 жылғы қаржылық тексеру есебінде анықталған кемшіліктер қарастырылды. Төменде көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстарға Ректорат тарапынан жазбаша нысанда төмендегідей жауаптар (**5-қосымша**) берілді:

а) Түркия Республикасының айлық ағымдық аударымдарынан тыс арнайы мақсатта бөлінетін қаражаттар есебінен сатып алу және тендер процедураларын өткізу кезінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тендер және сатып алу туралы» регламентінің баптарына да, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына да сай әрекет етілмегені анықталған.

аа) Кітапхананың айналасын асфальттау

Ректораттың жауабы: 2015 жылдың сәуір айында қос елдің Президенттері Түркістанға және оның ішінде университетімізге қонаққа келетіні анықталғандықтан, асфальттау жұмыстарын шұғыл жүргізуге қажеттілік туындады. Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасының 39-бабының 32-тармағында мемлекет басшыларын күтіп алуға дайындық кезінде бір көзден сатып алу процедураларын тендерсіз жүзеге асыруға болатыны көрсетілген. Осыған орай, бір көзден сатып алу тәсілі қолданылды.

аб) Ректорат пен университет қалашығының ақпараттық желісін құру үшін сервер және коммутатор сатып алу

Ректораттың жауабы: Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасына қасақана қайшы әрекет етуіміз мүмкін емес, келешекте қайталанбайды.

ас) Университет коттеждерін жабдықтау

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

Ректораттың жауабы: Өкілетті Кеңес Басқармасының тікелей тапсырмасы негізінде, уақыттың тығыз болуы себебінен тікелей жабдықтау арқылы, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілді.

ad) «Яссы» конак үйінің жөндеу жұмыстарын жүргізу

Ректораттың жауабы: Өкілетті Кеңес Басқармасының тапсырмасына тікелей сүйене отырып, уақыттың тығыз болуы себебінен жабдықтау арқылы, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілді.

b) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Автоматтандыру жүйесінің әлі күнге дейін іске қосылмауы

Ректораттың жауабы: Автоматтандыру жүйесіне кіретін он модульдің, бірінші кезекте, Студенттік іс және қызметкерлерді басқару модулін іске қосу ұйғарылған.

c) Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан арнайы мақсатта бөлінетін қаражатты келесі аударымдардың есебіне жатқызудың уақытылы жүзеге асырылмауы

Ректораттың жауабы: Өкілетті Кеңес Басқармасынан арнайы мақсаттағы жобаларға бөлінген қаражат дұрыс жұмсалмағандықтан, қателікті мойындайды. Болашақта ескеріледі. Қалған қаражат 1195502 теңгені құрайды және де барлық қаражаттардың тиімді жұмсалуды бақылауға алынып, қадағаланады.

d) Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан арнайы мақсатта ғылыми жобаларды қаржыландыру үшін жіберілетін қаражатты жұмсау кезінде кемшіліктердің анықталуы


Ректораттың жауабы: Ректораттың бұл процедураға қатысы жоқ. Себебі Өкілетті Кеңес тікелей мақсатпен ақша аударуына байланысты Сатылмыш Чайыр мырзаның қаражатына араласа алмайды. Сатылмыш Чайырға бөлінген қаражатты қайтарып алып, оның университеттегі қызметін тоқтатқан жөн.

e) Шәкіртақысы тоқтатылған тұлғаларға төленген шәкіртақылар мен басқа да шығындар заңнама мен келісімшарт талаптарына сай қайтарылу керек

ea) Шәкіртақысы тоқтатылған ғылыми қызметкерлерден ешқандай төлемақы өндіріп алынбаған,

eb) Шәкіртақысы тоқтатылған кейбір ғылыми қызметкерлерден қарызды өндіріп алу процедурасы жүйесіз жасалған әрі кем өндірілген,

ec) Ректорат тарапынан түзілген қарызды өндіріп алу туралы келісімшарттарда қарыз сомасы пайыздық үстемеақысы есептелместен, бөліп көрсетілген,



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

ed) Ректорат тарапынан түзілген қарызды өндіріп алу туралы келісімшарттарда көрсетілген кешіктіріп төлегені үшін пайыздық үстемеақыны ұстау талабы орындалмаған,

ee) Ректорат тарапынан қайтарылған сомалар Өкілетті Кеңес Басқармасының бюджетіне қайтарылмаған,

Ректораттың жауабы: 2015 жылғы Қаржылық тексеру комиссиясының тексеру нәтижесінде 6-пунктің 2-ші тармағында көрсетілген ХҚТУ-нің қызметкері Тилеуова Сауле Сеиткановнадан 793936,06 теңге құрайтын қарызы 2011 жылғы қазан айынан бастап өз өтініші негізінде барлығы 712553 теңге ұсталынды. Қазіргі таңда декреттік демалысқа шығуына байланысты оқу қарызы 81383,06 теңгені құрайды. Қалған қарызы қызметке кіріскен күннен бастап ұсталынады.

Қуандық Карден Түркия республикасы Гази университетінің магистратурасында оқыған. Оқуын табыссыз аяқтауына байланысты елге оралған. Қуандық Карден өз еркімен оқу төлемақысын төлеуден бас тартуына байланысты 2011 жылы сол кездегі заң бөлімінің басшысы Қ.Битемировтің басшылығымен заңгерлерге тапсырма беріліп, университет тарапынан сотқа талап арыз берілген. Аяқсыз қалған. Қайта жұмыс жүргізіледі.

Иматаева Эльмира Түркия республикасы Гази университетіне докторантураға түскен. Жалпы Э.Иматаеваның оқуына Өкілетті Кеңестің жұмсаған төлемақысы 4057898,59 теңге. Э.Иматаева өзінің өтініші негізінде оқуын аяқтап, елге оралуына байланысты университет пен Э.Иматаева арасында 24.10.2012 жылғы № 12/890 санды қосымша келісім-шарт түзілген. Осы келісім-шартқа сәйкес Э.Иматаева университетке 4058000 теңгені қайтарған.


Өкілетті Кеңес мүшелері қаржылық тексеру есебінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша әлі де болса жұмыс жүргізу керектігін айта отырып, мынадай шешімдер қабылдады:

5.1.1. Екі тарап жағынан бірлескен комиссия құрылып университеттің қаржылық қызметін тексерсін, сатып алу процедураларын заңнамаға сай жүзеге асыру үшін барынша мұқият әрекет етілсін, 2015 жылғы қаржылық тексеру есебінде анықталған кемшіліктерге жол берген тұлғаларға қатысты Ректорат тарапынан шара қолданылсын және Өкілетті Кеңеске мәлімет ұсынулына

5.1.2. Автоматтандыру жүйесі барлық модулімен бірге 2016-2017 оқу жылының екінші семестрінен бастап іске қосылсын,

5.1.3. Түркияда оқуын аяқтап, университетте міндетті еңбек ету шартын орындамаған ғылыми қызметкерлерге төленген шәкіртақы мен басқа да шығындар толығымен келісім-шарт талаптарына сай пайыздық үстемеақысымен қоса өндіріп алынсын және Өкілетті Кеңес Басқармасының бюджетіне қайтарылсын.

/i.k.
Chief



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

5.2. 2014 жылғы академиялық тексеру есебіне (**6а-қосымша**) қатысты берілген жауаптарды (**6ә-қосымша**) Өкілетті Кеңес мүшелері қанағаттанарлық деп қабылдады. Тиісті іс-шаралардың атқарылып жатқаны және осыған қатысты шешімдердің қабылданғаны анықталды. Төменде көрсетілген мәселелерді, бірінші кезекте, шешу керектігіне баса мән бере отырып:

5.2.1. Өлшеу-бағалау жүйесіндегі проблемаларды шешу мен осы жүйенің ашықтығы мен жариялылығын одан сайын күшейту үшін қандай өзгерістердің енгізілу керектігі анықталсын және мұқият жүзеге асырылсын,

5.2.2. Университеттегі ғылыми дәрежелі (PhD) оқытушы санын арттыру үшін қосымша шаралар қарастырылсын,

5.2.3. Оқытушы-профессорлардың импакт факторы жоғары басылымдарда жеткілікті мөлшерде ғылыми мақала жарияламай алмау себептерін жан-жақты зерттеп, ғылыми мақала санын арттыру бойынша тиісті шаралар атқарылсын.

5.3 2015 жылғы академиялық тексеру есебіне (**7а-қосымша**) қатысты берілген жауаптарды (**7в-қосымша**) Өкілетті Кеңес мүшелері қанағаттанарлық деп қабылдады. Тиісті іс-шаралардың атқарылып жатқаны және осыған қатысты шешімдердің қабылданғаны анықталды. Төменде көрсетілген мәселелерді, бірінші кезекте, шешу керектігіне баса мән бере отырып:

5.3.1. Медицина факультетіне қажеттілігі туындап отырған лабораториялары 2018 жылына ӨК бюджетіне жоспарлансын.

5.3.2. Медицина факультетінің қазіргі таңдағы материалдық-техникалық және ОПК жағдайын назарға ала отырып Медицина факультетіне тек қана грант немесе квота студенттерін қабылдауына шешім қабылданды.

Университеттің 2015 жылғы қаржылық нақты есебін бекітуге ұсыну және 2017 қаржы жылының бюджетін талқылау

6. Университеттің 2015 жылғы қаржылық нақты есебі бекітуге ұсынылды және 2017 қаржы жылының бюджеті талқыланды.

Талқылау нәтижесінде мынадай шешімдер қабылданды:

6.1. Университеттің 2015 жылғы қаржылық нақты есебі 2016 жылдың 4-сәуірі мен 1-мамыры аралығында қаржылық тексеру комиссиясы тарапынан тексерілген. Тексеру нәтижесінде анықталған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2015 жылғы қаржылық нақты есебі (**8-қосымша**) **51.550.342,00** (елубірмиллионбесжүзелумыңүшжүзқырықкекі) АҚШ доллары деп бекітілсін.

6.2. Университеттің 2017 қаржы жылының бюджеті (**9-қосымша**) **11.986.879.410** теңге (**36.323.877** АҚШ доллары), оның ішінде ағымдық бюджеті **9.657.541.410** теңге



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

(29.265.277 АҚШ доллары) және инвестициялық бюджеті 2.329.338.000 теңге (7.058.600 АҚШ доллары) мөлшерінде бекітілсін,

6.3. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Түркия Республикасының ағымдық қаржы аударымдары есебінен Ректораттың есепшотына 1.494.782.084 теңге (4.529.647 АҚШ доллары) мөлшерінде ағымдық қаржы аударылсын,

6.4. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Түркия Республикасының ағымдық қаржы аударымдары есебінен Еуразия ғылыми-зерттеу институтының есепшотына 239.585.242 теңге (726.016 АҚШ доллары) мөлшерінде ағымдық қаржы аударылсын,

6.5. Өкілетті Кеңес төрағасына бюджет баптарының арасында тиісті бюджет бабындағы соманың 20%-ынан аспау шартымен трансферт жасауға құзырет берілсін,

6.6. Өкілетті Кеңестің 19.12.2012 ж. 43-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 3.2.6 және 3.2.7 баптарының күші жойылсын,

6.7. Университеттің оқу ғимараттарын жылытуға қажетті жанар-жағар майды сатып алу үшін Ректорат басшылығы сұраған 1.200.000 (бір миллион екі жүз мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі қаражат 2016 жылы Түркия Республикасының Орталық бюджетінен Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан қосымша қаржы талап етуіне

шешім қабылданды.

2017-2018 оқу жылына Түркия Республикасынан, Түркі дүниесінен және ТүрТЕП-ке қабылданатын студент контингентін белгілеу

7. Ректораттың 2017-2018 оқу жылына Түркия Республикасынан, Түркі дүниесінен мен Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасына (ТүрТЕП) қабылданатын студент контингентін белгілеу туралы ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде мынадай шешімдер қабылданды:

7.1. 2017-2018 оқу жылына Түркия Республикасынан күндізгі бөлімге қабылданатын студенттер контингенті төмендегідей белгіленсін:

No	Факультет атауы	Мамандық атауы	Мамандық шифрі	2017-2018 контингенті
1	Филология = (Әдебиет)	Орыс тілі және әдебиеті оқытушысы	5B011800	15
2	Филология = (Әдебиет)	Ағылшын тілі және әдебиеті	5B021000	10
3	Филология = (Әдебиет)	Түрік тілі және әдебиеті	5B021000	10
4	Филология = (Әдебиет)	Қазақ тілі және әдебиеті	5B020500	5
5	Әлеуметтік ғылымдар = (Экономикалық және әкімшілік ғылымдар)	Менеджмент	5B050700	5

I.K.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

6	Әлеуметтік ғылымдар = (Экономикалық және әкімшілік ғылымдар)	Халықаралық қатынастар	5B020200	20
7	Филология = (Байланыс)	Журналистика	5B050400	5
8	Гуманитарлық ғылымдар = (Дінтану)	Дінтану	5B021100	10
9	Гуманитарлық ғылымдар = (Әдебиет)	Тарих	5B020300	5
10	Инженерлік	Компьютер инженерлігі	5B070400	10
11	Әлеуметтік ғылымдар = (Экономикалық және әкімшілік ғылымдар)	Экономика	5B050600	5
			Жалпы	100

7.2. 2017-2018 оқу жылына Түркі дүниесінен Дайындық тіл үйрету факультетіне қабылданатын студенттер контингенті мен олардың мемлекеттерге қарай бөлінісі төмендегідей белгіленсін:

Р/с	Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар	2017-2018 контингенті
1	Түркия	100
2	Әзірбайжан	15
3	Түркіменстан	15
4	Қырғызстан	15
5	Өзбекстан	15
6	Өзбекстан (Қаракалпақстан)	5
7	Молдова	5
8	Қытай Халық Республикасы (Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы)	5
9	Ресей Федерациясы Дағыстан Республикасы	5
10	Ресей Федерациясы Кабардин-Балкар Республикасы	5
11	Ресей Федерациясы Қарачай-Черкес Республикасы	5
12	Ресей Федерациясы Алтай Республикасы	5
13	Ресей Федерациясы Хакасия Республикасы	5

I.K.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

14	Ресей Федерациясы Сібір	5
15	Ресей Федерациясы Тува Республикасы	5
16	Ресей Федерациясы Башкирия	5
17	Ресей Федерациясы Чувашия	5
18	Ресей Федерациясы Саха Республикасы	5
19	Ресей Федерациясы Татарстан Республикасы	5
20	Моңғолия	5
21	Басқа мемлекеттер	15
	Жалпы контингент	250

7.2.1.
Түркі дүниесіне бөлінетін контингент санын 250

студент болуына, 200-ден астам қабылданған студенттердің Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылуына шешім қабылданды.

7.2.2. Жоғарыдағы кестедегі белгіленгендерден босап қалған және жеткілікті талап болмауы себебімен қолданылмаған контингенттердің ректорат тарапынан қолданылуына шешім қабылданды.

7.3. Грант пен квотадан тыс Қазақстан мен Түркия Республикаларынан басқа Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан жалпы саны 100 студент ақылы негізде оқуға қабылдансын және бір мемлекеттен қабылданатын ақылы студент саны 30-дан аспауына шешім қабылданды.

7.4. Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ТүрТЕП) арнайы орта білім, бакалавриат және магистратура бағдарламаларына

7.4.1. 02.10.2015 ж. 51-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған шешімдердің 8.6-бабымен бекітілген 2016-2017 оқу жылының контингент кестесіне төмендегідей түзету енгізілсін.

Бағдарлама атауы	Мамандық атауы	Контингент	
		Күзгі семестр	Көктемгі семестр
Магистратура	Туризм менеджменті	150	150
Магистратура	Араб тілі	100	100

И.К.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

Магистратура	Халықаралық қатынастар	200	200
Магистратура	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау		200

7.4.2. 2017-2018 оқу жылына төмендегі кестеде көрсетілген контингентке сай студент қабылдансын:

Бағдарлама атауы	Мамандық атауы	Контингент		Бағдарламадан бағдарламаға ауысу емтиханы
		Күзгі семестр	Көктемгі семестр	
Арнайы орта білім	Компьютер инженерлігі	100	-	-
Бакалавриат	Компьютер инженерлігі	150	-	50
	Өндіріс инженерлігі	150	-	50
	Ақпараттық басқару жүйелері	100	-	30
Жалпы		500	-	130
Магистратура	Менеджмент	200	200	
	Ақпараттық басқару жүйелері	200	200	
	Компьютер инженерлігі	200	200	
	Денсаулық сақтау мекемелері менеджменті	200	200	
	Басқару және ұйымдастыру	200	200	
	Білім беру әдістемесі және тексеру	200	200	
	Жергілікті басқару	200	200	
Магистратура	Саясаттану және мемлекеттік басқару	200	200	
	Білім беруде өлшеу және бағалау	200	200	
	Ағылшын тілі және әдебиеті	200	200	
	Туризм менеджменті	200	200	
	Түрік тілі және әдебиеті	200	200	

1/Х
Chief

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

	Араб тілі	200	200	
	Түрік тілін шет тілі ретінде оқыту	200	200	
	Халықаралық қатынастар	200	200	
	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	200	200	
	Барлығы	3200	3200	
	Жалпы	3700	3200	130

7.4.3. Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ТүрТЕП) магистратура мамандықтарына бөлінген орындар толмаған жағдайда бос қалған орындарды жалпы магистратураға бөлінген орын санынан аспау шартымен сұранысқа ие магистратура мамандықтарына ауыстыру құзыреті ТүрТЕП Басқару Кеңесіне берілсін.

7.5. Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ҚазТЕП) арнайы магистратура бағдарламаларына

7.5.1. 2016-2017 оқу жылына төмендегі кестеде көрсетілген контингентке сай студент қабылдансын:

№	Мамандық атауы	Білім алушылар саны
1	Компьютерлік инженерия	7
2	Кәсіпорын экономикасы	10
3	Кәсіпкерлік құқық	13
4	Білім беру саласындағы менеджмент	5
5	Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент	38
	Жалпы	73

7.5.2. 2017-2018 оқу жылына төмендегі кестеде көрсетілген контингентке сай студент қабылдансын:

№	Мамандық атауы	Білім алушылар саны
1.	Компьютерлік инженерия	200
2.	Кәсіпорын экономикасы	200
3.	Кәсіпкерлік құқық	200
4.	Білім беру саласындағы менеджмент	200
5.	Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент	200

1/5.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

Жалпы контингент	1 000
-------------------------	--------------

7.5.3. Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ҚазТЕП) магистратура мамандықтарына бөлінген орындар толмаған жағдайда бос қалған орындарды жалпы магистратураға бөлінген орын санынан аспау шартымен сұранысқа ие магистратура мамандықтарына ауыстыру құзыреті ҚазТЕП Басқару Кеңесіне берілсін.

Тексеру комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу туралы ұсынысты талқылау

8. Тексеру комиссиясының Түркия тарапынан тағайындалған мүшесі доктор, профессор Режеп Өзтүріктің (Академиялық тексеру комиссиясының мүшесі) өз қалауы бойынша қызметінен босауына байланысты профессор, доктор Наил Өзташ мырзаның (Академиялық тексеру комиссиясының мүшесі) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 6-бабына сәйкес қалған мерзімді соңына дейін аяқтау үшін тағайындалсын.

Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан 2017-2018 оқу жылына докторантура мен кәсіби біліктілік арттыруға бөлінетін контингент саны мен мамандықтары туралы Ректорат ұсынысын талқылау

9. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан Түркияның университеттерінде «жоғары оқу орнынан кейін білім алуға/медицина саласында кәсіби біліктілік арттыруға/мамандық бойынша тәжірибе алмасуға және кәсіби біліктілік арттыруға» жіберілетін білімгерлер мен мамандар үшін 2017-2018 оқу жылына бөлінетін контингент саны мен мамандықтар тізбесі төмендегі кестеге сай белгіленсін. Осы орындарға үміткерлерді іріктеу барысында тиісті регламент талаптары мұқият орындалсын және іріктелетін үміткерлер мен Ректорат арасында міндетті қызмет ету келісім-шарты түзілсін.

Мамандық атауы	Докторантура	Кәсіби біліктілік арттыру және мерзімі
Халықаралық қатынастар	1	
Компьютер инженерлігі	1	
Электротехникалық және электрондық инженерия (Технология факультеті)	1	
Медициналық биология	1	
Стоматология / Периодонтология	1	1 (бір жыл)
Медицина (Анатомия)		1 (бір жыл)
Медицина (Физиология)		1 (бір жыл)

PK
Qasym

my *Sh* *AK* *Ma* *W* *A* *Q* *R* *Qasym*

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

Медицина (Гистология)		1 (бір жыл)
Медицина (Патология)		1 (бір жыл)
Графика - дизайн		1 (бір жыл)
Радио-телевизия-кино		1 (бір жыл)
Барлығы	5	7

Стоматология факультетін ашу туралы Сенат шешімін талқылау

10. Университет Сенатының 29.08.2016 ж. 1-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 1.7-бабы **(10-қосымша)** талқыланды. Талқылау нәтижесінде 2017-2018 оқу жылынан бастап университетте Стоматология факультетін ашуға шешім қабылданды.

Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығының (ТүрТЕП) құрамынан ашу жоспарланған бағдарлама туралы Сенат шешімін талқылау

11. Университет Сенатының 26.02.2016 ж. № 4 жиналысында қабылданған шешімдердің 3.5-бабы **(11-қосымша)** талқыланды. Талқылау нәтижесінде Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығының (ТүрТЕП) құрамынан 2016-2017 оқу жылынан бастап Инженерия факультетінде «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» мамандығы бойынша магистрлік диссертация қорғалмайтын магистратура бағдарламасын ашуға шешім қабылданды.

Шымкент клиникасының мәселесін талқылау

12. Университет ректоры 02.10.2015 ж. өткен 51-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінде қабылданған шешімдердің 9-бабына сәйкес университеттің Шымкент клиникасына қатысты атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет берді.

Талқылау нәтижесінде мынадай шешім қабылданды:


а) Ректорат Шымкент клиникасының Қазақстан Республикасының 50% үлесіне кірмейтін дәлелдерді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым және Қаржы министрліктеріне тапсырсын;

б) Дәлелді база болған жағдайда Шымкент клиникасы Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналды меншігіне өткізілсін;

в) Онда клиникалық базаның сақталуын камтамасыз ету бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен ректораттың жұмыс жүргізуіне

шешім қабылданды.

Университетті түркі әлемінің ортақ оқу орнына айналдыру бағытында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет ұсыну

МҮ 

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

13. Түркі тілдес елдердің ынтымақтастық кеңесінің 5-саммитінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемінің ортақ оқу орнына айналдыру туралы ұсынысы негізінде Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан ҚР Білім және ғылым министрлігіне берген есебі (**12-қосымша**) талқыланды.

Шет тілде үйрету үшін қосымша еңбек ақы белгілеу

14. №48 Өкілетті кеңес шешімінің 9.2.6-бабы күші жойылуына және шет тілдерін кәсіби деңгейде меңгеруге оқытушы-профессор құрамының, университет әкімшілік-академиялық қызметкерлері мен басқа да барлық қызметкерлердің қызығушылығын арттыру үшін, сабақтардың сапасын жоғарылату және лекциялар мен семинар сабақтарын барлық білім беру деңгейде (бакалавриат, магистратура, докторантура, интернатура, резидентура) шет тілінде оқыту мақсатында бюджеттен тыс есебінен қосымша еңбек ақы төмендегі кестеге сай төленуіне

Қосымша ақы	Түрік тілін кәсіби деңгейде меңгерген туралы халықаралық сертификат*	Ағылшын тілін кәсіби деңгейде меңгерген туралы халықаралық сертификат*
75 %	Yunus Emre sertifika C2	TOEFL iBT 100
60 %	Yunus Emre sertifika C1	TOEFL iBT 80
40 %	Yunus Emre sertifika B2	TOEFL iBT 60

*Ағылшын және түрік тілі профильдік ОПҚ-дан басқа.

шешім қабылданды.

Археология ғылыми зерттеу орталығының атауын «Археология ғылыми-зерттеу институты» деп өзгерту туралы Ректорат ұсынысын талқылау


15. Археология ғылыми зерттеу орталығының атауын «Археология ғылыми-зерттеу институты» деп өзгерту туралы университет Сенатының 26.02.2016 ж. 4-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 3.7-бабы (**13-қосымша**) талқыланды.

Талқылау нәтижесінде Археология ғылыми зерттеу орталығының атыны өзгерту туралы мәселенің келесі мәжілістің күн тертібіне алынуына шешім қабылданды.

2014-2018 жылдарға арналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Ректорат ұсынысын талқылау

16. 2014-2018 жылдарға арналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы университет Сенатының 29.04.2016 ж. 5-мәжілісінде қабылданған

I.K.



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

шешімдердің 2.4-бабы **(14-қосымша)** талқыланды. Талқылау нәтижесінде мынадай шешім қабылданды:

2014-2018 жылдарға арналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

Университет құрамындағы асхана, кафетерий, буфет, кеңсе заттарын сату және ксерокөшірме қызметін көрсету сияқты сауда нүктелерін жалға беру және жалға беруден келіп түсетін кірістерді студенттерді әлеуметтік қолдауға жұмсау туралы Ректорат ұсынысын талқылау

17. Университет құрамындағы асхана, кафетерий, буфет, кеңсе заттарын сату және ксерокөшірме қызметін көрсету сияқты сауда нүктелерін жалға беру және жалға беруден келіп түсетін кірістерді студенттерді әлеуметтік қолдауға жұмсау туралы Ректорат есебі мен бизнес-жоспары **(15-қосымша)** талқыланды.

Талқылау нәтижесінде

Университет құрамындағы асхана, кафетерий, буфет, кеңсе заттарын сату және ксерокөшірме қызметін көрсету сияқты сауда нүктелерін жалға беруді конкурстық негізде жүргізуге регламентін әзірленуіне, оның тарифін және сапасын анықтау тәртібінің белгіленуіне және қажетті жұмыстардың жүргізілуіне шешім қабылданды.

Регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды талқылау

18. Өкілетті Кеңес Басқармасы мен Ректораттың регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары талқыланды. Талқылау нәтижесінде мынадай шешімдер қабылданды:

18.1. «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының Шәкіртақы тағайындау регламентінің»:

18.1.1. «Шәкіртақы төлемдері және мөлшері» деп аталатын 26-бабының 1-тармағындағы «... бойынша жоғары білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданған білімгерлерге ...» деген сөздер Өкілетті Кеңес тарапынан бөлінетін контингенттерге сай жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданатын Түркия Республикасының азаматтарына жол шығынын төлеу үшін «... бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданған білімгерлерге ...» деген сөздермен алмастырылсын және 2017-2018 оқу жылынан бастап күшіне енгізілсін,



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

18.1.2. «Шәкіртақы төлемдері және мөлшері» деп аталатын 26-бабына білімгерлер арасындағы теңдікті қамтамасыз ету үшін төменде көрсетілген редакциядағы 2-бап қосылсын және 2016-2017 оқу жылынан бастап күшіне енгізілсін:

«26-бап. (2) Түркия мен Қазақстаннан тыс түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген білімгерлерге Дайындық курсын қоса алғандағы оқу мерзімі ішінде жылына 10 ай (қыркүйек-маусым) бойы ай сайын 50 АҚШ доллары мөлшерінде шәкіртақы Ректорат бухгалтериясы тарапынан нақты түрде төленеді. Қажетті бақылау шаралары университеттің әкімшілік және қаржы істері жөніндегі вице-президенті тарапынан жүзеге асырылады.»

18.2. «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының Қызметкерлер туралы регламентінің»


18.2.1. «ТүрТЕП-те авторлық құқық/ғылыми жетекшілік ақысы» деп аталатын 13-бабының 2-тармағының а) және б) тармақшаларына, әсіресе жаңа ашылатын мамандықтарды оқытушы-профессорлар құрамымен қамтамасыз ету кезінде туындайтын қиыншылықтарды ескере отырып, төмендегі мәтін негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«13-бап. (2)

а) 3 кредиттік ұзақтан білім беру сабағы бойынша жартыжылдық (семестрлік) оқу жүктемесі ең көп дегенде 20 студенттен тұратын топтар үшін 15 сағаттық теориялық / бейне (видео) сабақты, электрондық поштамен хабарласуға және хабарлама жіберуге арналған 10 сағаттық жүктемені, үй тапсырмасының тақырыптарын дайындауға және бағалауға арналған 10 сағаттық жүктемені, емтихан сұрақтарын дайындауға арналған 10 сағаттық жүктемені қоса есептегенде барлығы 45 сағаттық оқу жүктемесінен тұрады. Апталық оқу жүктемесі – 3 сағат.

б) 20 студенттік топ үшін 3 кредиттік ұзақтан білім беру сабағының сабақ еңбек ақысы / мазмұнын жаңалауға байланысты авторлық құқық / ғылыми жетекшілік ақысы нақты түрде төлеу шартымен төмендегідей есептеледі.»

18.2.2. Регламенттің қосымшасындағы «Вебке негізделген электрондық оқу басылымын әзірлеу және авторлық құқық туралы келісімшарттың (5-тип)» (5-қосымша) және «Диплом жұмысына (жобасына) жетекшілік жасау және авторлық құқық туралы келісімшарттың (7-тип)» (7-қосымша) анық (толық) көрсетілмеген кейбір баптарын қайта қарап шығу үшін күші жойылсын және оның орнына аталмыш келісімшарттардың жаңа редакциядағы нұсқалары (16-қосымша – 17-қосымша) қолданысқа енгізілсін,



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

18.2.3. «Жалақы төлемдері» деп аталатын 19-бабының 5-тармағының соңына түркиялық оқытушы-профессорларды Қазақстанда ұзақ мерзімді қызмет атқаруға ынталандыру мақсатында төмендегідей сөйлем қосылсын:

«19-бап. (5) «... Қазақстанда университетімізде үш жыл бойы үзіліссіз жұмыс істеген, университет заңнамасына сай білім беру қызметін толық аяқтаған және университет Сенатының шешімімен ғылыми атағы өзгерген (өскен) түркиялық оқытушы-профессорларға Өкілетті Кеңес төрағасының келісімімен жаңа ғылыми атағына сай жалақы төленуі мүмкін.»


18.3. «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің» «Мақала жариялауға байланысты берілетін ынталандыру сыйақысы» деп аталатын 10-бабының 1-ші және 3-ші тармақтарына төмендегі мәтін негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«10-бап. (1) Университетте қызмет атқаратын барлық оқытушы-профессорларға, қызметкерлерге және университетте немесе университеттің атынан білім алып жатқан барлық білімгерлерге (магистранттарға және докторанттарға) халықаралық ғылыми базаларда (Thomson Reuters: Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier: Scopus; Jstore) индекстелетін ғылыми журналдарда жариялаған әрбір мақаласына (ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалардан/тезистерден басқа) және алған әрбір патентіне 500 (бесжүз) АҚШ доллары көлемінде ынталандыру сыйақысы төленеді.

(2) Жоғарыда аталған халықаралық ғылыми базаларда индекстелетін журналдардан басқа журналдарда жарияланған мақалаларға ынталандыру сыйақысы төленбейді.

(3) Жарияланған мақалаларда мекен-жай ретінде «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» жазылу керек, сондай-ақ автордың Қ.А.Ясауи университетінде қызмет атқаруы немесе университетте немесе университеттің атынан білім алып жатқан болуы тиіс. Авторлар ұжымы тарапынан жарияланған мақалаларға ынталандыру сыйақысы үлес мөлшеріне қарай тек университетіміздің оқытушы-профессорларына, қызметкерлеріне, университетте немесе университеттің атынан білім алып жатқан барлық білімгерлерге (магистранттарға және докторанттарға) беріледі. Ынталандыру сыйақысын алу үшін мақала жарияланған және патент алынған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде өтініш өткізу қажет.»

18.4. «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түрік тілінде қашықтықтан оқыту бағдарламалары зерттеу және қолданбалы орталығы туралы регламенттің» «Шығындар» деп аталатын 7-бабының 1-тармағы с-тармақшасы 1-ші және 2-ші бөліктеріне қаражат бөлуді қайта реттей отырып, қаражаттың едәуір тиімді жұмсалыуын қамтамасыз ету үшін төмендегі мәтін негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін және 01.07.2016 ж. бастап күшіне енсін:



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

«7-бап. (1) с)

1) 30%-ға дейінгі бөлігі Басқару Кеңесінің шешімімен және қаржы құжаттарына қол қоюға құқылы тұлғаның бекітуімен заңнамада көзделген тәртіп пен негіздерге сай ғылыми жобалар мен жиындарды қаржыландыруға, университетті жарнамалауға, шәкіртақы төлеуге және әлеуметтік қолдау көрсетуге,

2) 20%-ға дейінгі бөлігі Басқару Кеңесінің шешімімен және қаржы құжаттарына қол қоюға құқылы тұлғаның бекітуімен университеттің инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларын қаржыландыруға және әртүрлі нысандағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрал-жабдықтар мен көліктер сатып алуға»

18.5. «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының Іс-сапар шығындары туралы регламентінің» «Төленетін тәуліктік шығындар» деп аталатын 7-бабының 1-тармағына төмендегі мәтін негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

«7-бап. (1) Өкілетті Кеңес төрағасының іс-сапарға жіберу туралы бұйрығы негізінде Өкілетті Кеңес төрағасы мен мүшелеріне, тексеру комиссиясының мүшелеріне шетелге жасалатын қысқа мерзімді іс-сапарларда және қазақстандық Өкілетті Кеңес мүшелеріне Қазақстанда өтетін Өкілетті Кеңес мәжілістеріне қатысу үшін жасалатын іс-сапарларда төмендегі кестеде көрсетілген мөлшерде іс-сапар тәуліктік шығыны төленеді:»

2016-2017 оқу жылына Университет құрылымын бекіту туралы Ректорат ұсынысы

19. 2016-2017 оқу жылына Университет құрылымы (қосымша 18) бекітілсін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде клиникалық резидентура мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу туралы Ректорат ұсынысын талқылау

20. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде клиникалық резидентура мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу туралы университет Сенатының 28.10.2016ж. 2- мәжілісінде қабылданған шешімдердің 3.4.4-бабы (қосымша 19) талқыланды. Талқылау нәтижесінде

№	Мамандық шифрі мен атауы	Оқу мерзімі, жыл
1	6R110300-Кардиология, соның ішінде балалар кардиологиясы	3

Handwritten signatures and initials in blue ink, including "I.K." and "my".

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 53-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Ыстамбұл/Түркия

12/11/2016

2	6R113500- Травматология және ортопедия, соның ішінде балалар травматология және ортопедиясы	3
3	6R112600 – Анестезиология және реаниматология, соның ішінде балалар анестезиология және реаниматологиясы	3
4	6R110900 – Эндокринология, соның ішінде эндокринологиясы	3
5	6R113400 – Онкология, соның ішінде балалар онкологиясы	3
6	6R110600 – Гастроэнтерология, соның ішінде балалар гастроэнтерологиясы	3
7	6R111300 – жұқпалы аурулар, соның ішінде балалар жұқпалы аурулары	3
8	6R112500 – клиникалық фармакология	3

Жоғарыда кестеде көрсетілген мамандықтардың құжаттары Білім және ғылым министрлігінің Бақылау комитетіне қажетті құжаттарын өткізу туралы шешім қабылданды.

Ахмет Ясауи атындағы Дінтану ғылыми-зерттеу, талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығын ашу туралы Сенат шешімін талқылау

21. Ахмет Ясауи атындағы Дінтану ғылыми-зерттеу, талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығын ашуына және тиісті мекемелермен рұқсат алынғаннан кейін жұмысты бастауына, орталықтың 4 штаттық бірлігі ӨК тарапынан қаржыландыруына

шешім қабылданды.

Тілектер мен ұсыныстар

22. Өкілетті Кеңес мүшелері мәжілістің жоғары деңгейде өткеніне және әзірлік жұмыстарына дән риза екендіктерін айта отырып, өз тілектерін білдірді.

Шешім қабылданды:

1. Ректоратқа келесі Өкілетті кеңес отырыстарын жүргізу барысына алдыңғы кезеңде өткен отырыстарда берген тапсырмаларды орындалған туралы есеп берсін.
2. ҚР Білім туралы заңына енгізілген толықтырулар мен өзгерістерге сәйкес ректорат халықаралық тез арада аккредитация ұйымдарда толық мүшелігі бар аккредиттеу органдарда аккредиттеуден өтуді камтамасыз ету.

